

3

НЗМ-дегі ашық есік күні



4

Шеге қағылмаған кебеже



Сыр бойы

№58 (21133) 21 сәуір, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

- www.facebook.com/syrboyi.kz
- www.instagram.com/syrboyi_kz
- t.me/syrboyi_kz
- twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлт перзенті, аса көрнекті ақын, белгілі қоғам қайраткері, Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шахановтың отбасы мен жақын туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

– Мұхтар Шаханов бар ғибратты ғұмырын кастерлі сөз өнеріне арнап, қазақ поэзиясын жаңа белеске көтерген, төл әдебиетіміз бен мәдениетіміздің көкжиегін кеңейтуге елеулі үлес қосқан қоғамымыздың тұғырлы тұлғасы еді. Әрқашан тіл жанашыры ретінде игілікті істердің бастауында болды. Шығармалары көптеген шет тілдеріне тәржімаланды, жалынды жырларын қалың оқырман сүйіп оқыды. Өнегелі өмір сүріп, соңына мол әдеби мұра қалдырған Мұхтар Шахановтың жарқын бейнесі халқымыздың жадында мәңгі сақталады, – деген жеделхатта.

/// ӘЛЕУМЕТ ПЕН ӘЛЕУЕТ

ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ БЕЛСЕНДІЛІК

Облыста жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп, ауқымды жобалар қолға алынған. Жұртшылықтың табысын арттыру және әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға ықпал ететін мемлекеттік бағдарламалар нәтижесін көрсетіп келеді. Осал топтарды қолдауға, еңбек қатынастарын реттеуге және инклюзивті орта қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстар да бар. Ең бастысы, әлеуметтік көмектің шын мұқтаждарға жетуіне басымдық берілуде.

«2026 жылға арналған өңірлік жұмыспен қамту картасы» аясында биыл 34685 жаңа жұмыс орнын қуру жоспарланған. Бүгінде 6703 адам жұмысқа орналасып, жоспар 19,3% орындалды. Оның ішінде тұрақты және уақытша жұмыс орындары қатар қамтылып, еңбек нарығында белсенділік артып келеді.

Тағы да деректерге жүгінсек, 25755 тұрақты жұмыс орны жоспарланып, қазіргі таңда 2590 адам қамтылды, 4113 адам уақытша жұмысқа орналасты. Бос орындарға 1752 адам тікелей орналасса, субсидия арқылы 4 025 адам еңбекке тартылды. Оның ішінде жас-тар тәжірибесіне 157, ақылы қоғамдық жұмыстарға 3693 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына 15 адам, «Күміс жас» жобасы арқылы 160 азамат бар.

2-бет

/// НАЗАР

ЖҮРГІЗУШІ КҮӘЛІГІН АЛУ ҚАЛАЙ ЖЕҢІЛДЕТІЛЕДІ?



/// ЦИФРАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ

ЖИ АДАМДЫ АЛМАСТЫРА АЛА МА?



Фото ашық дереккөзден

Қазір әлемде технологиялық өзгерістер өте жылдам жүріп жатыр. Кеше ғана таңсық көрінген жаңалық көп ұзамай күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналып үлгерді. Соның ең айқын мысалы – жасанды интеллект. Бұрын бұл ұғым ғылыми ортада немесе IT саласында ғана жиі айтылса, бүгінде қарапайым адамның тұрмысына дейін еніп, қоғамның барлық саласына ықпал ете бастады.

Қазақстан да бұл үдерістен шет қалып отырған жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялауы – соның айқын дәлелі. Президент Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек екенін айтты. Бұл – жай ұран емес, бүгінгі заманның талабы. Өйткені қазір әлемде цифрлық әлеуеті жоғары, инновацияны тез игеретін мемлекеттер алығ шығып жатыр.

Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллектті тек техникалық мәселе ретінде қарауға болмайды. Бұл – еңбек нарығына, білім беру жүйесіне, мемлекеттік басқаруға, ақпараттық қауіпсіздікке және адамның күнделікті өміріне әсер ететін ірі құбылыс. Оның пайдасы да бар, қауіпі де жоқ емес. Ең маңыздысы – оны қалай пайдаланып жатқанымызда. Бүгінде цифрландыру уақытша үрдіс емес, мем-

лекеттің дамуына тікелей әсер ететін маңызды бағытқа айналды. Мемлекеттік басқарудан бастап білім беру, денсаулық сақтау, өндіріс пен қызмет көрсету саласына дейін жаңа технологиялардың ықпалы күшейіп келеді. Қазақстан үшін де бұл бағыт – таңдау емес, қажеттілік. Қызылорда облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Сәбит Ибадулла мәселенің маңызын былай түсіндіреді.

– Қазір біз жасанды интеллект пен цифрландыруды елдің болашақ даму тетігі ретінде қарастыруымыз керек. Әлем мүлде басқа кезеңге өтіп жатыр. Кім технологияны тез меңгереді, кімнің цифрлық сауаты жоғары, сол ел ұталады. Қазақстан үшін бұл – енді таңдау емес, уақыт талабы. Алдағы жылдары республика көлемінде осы бағытта жүйелі жұмыс жүруі керек. Цифрландыру – тек жаңа құрал енгізу

емес, қоғамның өмір сүру тәсілін өзгерту. Бұрын көп уақыт алатын қызметтер қазір цифрлық ортаға көшіріліп жатыр. Ал жасанды интеллект сол өзгерістің келесі кезеңі болып отыр, – дейді ол.

ЖИ-дің басты пайдасы

Жасанды интеллектің ең үлкен артықшылығы – адамның жұмысын жеңілдетіп, уақытын үнемдеуде. Бүгінгі қоғам жылдамдық пен тиімділікті талап етеді. Осындай кезде қайталанатын, көп уақыт алатын жұмыстарды қысқартып, негізгі міндетке көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік беретін құралдың маңызы зор.

Жасанды интеллект кез келген салада қолданылады. Оның ең үлкен артықшылығы – адам еңбегін жеңілдету. Бұрын бірнеше сағат немесе бірнеше күн кететін кейбір жұмыстарды қазір санаулы минутта орындауға болады. Бұл – уақыт үнемдеу, еңбек өнімділігін арттыру деген сөз. Қазір жасанды интеллект арқылы мәтін жазуға, ақпаратты талдауға, деректерді сұрыптауға, визуал жасауға, бейне өңдеуге, жоспар құруға

болады. Соның арқасында адам негізгі ойлауына, шығармашылығына, шешім қабылдауына көбірек уақыт бөледі, – дейді С. Ибадулла.

Шынында да, жасанды интеллекттің басты құндылығы – адамның орнын басуында емес, оның мүмкіндігін арттыруында. Бұл, бір жағынан, еңбек өнімділігін өсірсе, екінші жағынан, адамның цифрлық дербестігін күшейтеді. ЖИ жайлы ең жиі айтылатын пікірдің бірі – оның адамдардың жұмысын тартып алуы мүмкін екені. Алайда мәселенің байыбына үңілесек, ол көбіне адамды толық алмастырмайды, керісінше жұмыс форматын өзгертеді.

Бұл мәселеге үстірт қарауға болмайды. Жасанды интеллект адамның орнын басатын құрал емес. Ол – адамның көмекшісі. Иә, кейбір процестер автоматтандырылуы мүмкін. Бірақ бұл адам мүлде қажет болмай қалады деген сөз емес. Керісінше, адамға жаңа дағдылар керек болады. Мәселе жұмыс жоғалтуға емес, жұмыс форматының өзгеруінде, – деп түсіндірді басқарма басшысы.

3-бет

/// ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ АРТА ТҮСТІ

2026 жылдың алғашқы үш айында Қазақстанда негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі артты деп хабарлайды Kazinform.



Фото ашық дереккөзден

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, оның жалпы көлемі 3,46 трлн теңгені құрады. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, нақты көлем индексі 106,4 пайызды шамалады. Негізгі өсім шикізаттық емес секторға тиесілі. Бұл бағытта бюджет қаражатын есептемегендегі инвестиция көлемі 2,31 трлн теңге, нақты көлем индексі 128,1 пайызға жетті.

Ел бойынша жан басына шаққандағы орташа инвестиция көлемі 168,8 мың теңге болды. Инвестиция құрылымында өндірістік базаны жаңартуға бағытталған шығындардың үлесі артты. Машина, құрал-жабдық және көлік сатып алуға жұмсалған қаражат 1,3 трлн теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 143,1 пайызға артты. Ал құрылыс пен күрделі жөндеуге салынған инвестицияның нақты көлем индексі 90,9 пайызға дейін төмендеп, жалпы көлемі 1,99 трлн теңгені маңайлап тұр.

ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚҚА ТӨЗІМДІ ДАҚЫЛДАР

Отандық ғалымдар құрғақ аймақтарға бейімделген жаңа ауыл шаруашылығы дақылдарын әзірлеп шығарды. Жаңа сорттар Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан өңірлеріндегі төуекелі жоғары егішлік аймақтарына бағытталған, деп хабарлайды Egemen.kz.

А.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының ғалымдары әзірлеген сорттар қатарында «Дамсинский» атты қауыссыз сулы, «Торғай» жаздық қатты бидайы, «Измурдуное» малазықтық тарысы және «Реноме» азықтық тарысы бар.

Мамандардың мәліметінше, жаңа сорттарды енгізу арқылы гектарынан 2-10 центнерге дейін қосымша өнім алуға болады. Сонымен қатар зығыр дақылын өсірудің жаңа тәсілі патенттелді. Ол арамшөптермен күресті жеңілдетіп, өнімділікті арттыруға және шығындарды азайтуға бағытталған.

ҚАЗАҚ ТАЗЫСЫ МЕН ТӨБЕТ КҮНІ

Үкімет қаулысына сәйкес, мерекелік күндер тізімі жаңа тармақпен толықтырылып, 3 қыркүйек – «Қазақ тазысы мен төбет күні» ретінде белгіленді деп хабарлайды Egemen.kz.



Фото ашық дереккөзден

Аталған қаулы 2017 жылғы 31 қазанда бекітілген «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндер тізбесін бекіту туралы» құжатқа өзгеріс енгізеді. Жаңа ереже 2026 жылғы 28 сәуірден бастап күшіне енеді.

Еске сала кетейік, 8 сәуір күні Мәжілістің жалпы отырысында «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заңға енгізілетін түзетулер қабылданды. Заң жобасын талқылау кезінде депутат Еділ Жанбыршин егер де қожайыны бар ит адам өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіретін болса, оған жауапкершілік қарастырылатын норма енгізілетінін айтты.

«СБ» ақпарат

ТАҒЗЫМ ОРНЫ ТАЗА БОЛСЫН!



Қызылорда облысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында облыс әкімінің ұйымдастыруымен «Тағзым орны таза болсын, рух пен тазалық – бір ұғым» атты жалпыхалықтық акциясы өтті.

Өңірдегі тарихи-мәдени ескерткіштер, киелі орындар мен көпшілік зиярат ететін барлық аумаққа көркейту-қоғалдандыру жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, ағаш отырғызу, қоршауларды ретке келтіру, жолдарды тазалау және жөндеу секілді жұмыстар да жүргізілді.

Сауабы мол игі шараға барша облыс тұрғындарымен қатар мәслихат депутаттары, ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, асамаблея, қоғамдық ұйымдардың мүшелері және жастар белсене қатысты.

Президентіміз «Таза Қазақстан дегеніміз – қоршаған ортаны тазалау

ұстау ғана емес. Әрине, ол да маңызды. Сонымен бірге, бұл – ой-сана тазалығы деген сөз. Жан дүниесі таза адам қайырымды, мейірімді болады» деп, жалпыұлттық бағдарламаға айналған бастаманың мәнін ашып берді.

Киелі орындарды зиярат етудің бұрыннан қалыптасқан ережелері бар. Оның ең негізгісі тазалықпен байланысты. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген даналық өткенге құрмет көрсетудің маңызын ұғындырады.

Халқымыздың дүниетанымында қорымдар – тек жерлеу орны ғана емес, дүниеден өткендерге құрмет көрсететін, ата-баба рухына тағзым



Валюта бағамы:

\$ 466,32 kzt

€ 549,01 kzt

₸ 6,19 kzt

Ауа райы:

Сейсенбі

+28°

+17°

Сәрсенбі

+25°

+17°

«ТАЗА АУЛА» – АУҚЫМДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ



Суретті түсірген: Бағлан АМАНЖОЛ



«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Таза аула» атты ауқымды экологиялық акция өтті. Өңірдегі барлық елді мекендерде 147 аула тазартылды. Акцияға 12 266 адам қатысып, 100 тоннадан астам қоқыс шығарылды.

Тазалық шарасына мемлекеттік мекеме қызметкерлері, еріктілер, жастар ұйымдары мен жергілікті тұрғындар атсалысты. Аула-лардың қоқысы жиналып, айналасы абаттандырылды және көгалдандырылды. Жыл басынан бері тазалық шараларында 46934 ерікті, қоғам қайраткерлері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері белсенділік танытқан. 1067 тонна қоқыс қалдықтары жиналып, 156 сквер мен парк, 225 тарихи-мәдени ескерткіш, 791 әлеуметтік, 407 өнеркәсіп және бизнес, 8 су нысаны, 843 көше бойы тазартылды. Оған 248 техника жұмылдырылды. Өңірдің климатына жер-

сінетін 27 450 түп қарағаш, терек, Сыр талы, т.б. көшет егілді. Акция аясында аудандарда да іс-шаралар ұйымдастырылды. Арал ауданының «Келешек мектебінегі» «Жасыл мұра» шарасында түлектер мектеп ауласына 100-ден астам тал екті. Оқушылар мен ұстаздар табиғатты көркейтуге және ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға үлес қосты. Айтпа кетейік, «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында өңірде тазалық сақтау, елді мекендерді көркейту және тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Демеушілер мен бюджет қаражаты есебінен демалыс орындары, ойын және спорт алаңдары жаңартылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар жөнделді. Қызылорда қаласындағы орталық алаң, мәдени-демалыс парк және Қорқыт ата сквері қайта жаңғыртылып, халық игілігіне берілді. Президент саябағы жаңадан қайта салынып, қала тұрғындары мен қонақтарының демалыс орнына айналып келеді. Ауылдарда «Үлгілі елді мекен» конкурсы өтіп, соңғы үш жылда 2 млрд теңгеден астам қаржыға алынған 67 арнайы техника табысталды. Қалдықтарды басқару бағытында 98,7 млрд теңгенің 9 жобасы бар. Жаңа-қорғандағы сұрыптау кешені іске қосылуға дайын, ал Сырдария ауданында жаңа полигон пайдалануға берілді.

МЫҢЫНШЫ МАТЧ

Сол жағалаудағы «Қайсар Арена» стадионында облыс әкімдігі және Freedom QJ лигасының ұйымдастыруымен қызылордалық «Қайсар» және қостанайлық «Тобыл» командалары арасында QJ лига ойындарының мыңыншы тарихи матчының ашылу салтанаты өтті.



Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, Freedom Holding Corp бас атқарушы директоры, Freedom QJ League қамқоршылық кеңесінің төрағасы Тимур Турлов, Freedom QJ League президенті Рохус Шох қатысты. «Қайсар» QJ лига командасы 2023 жылы құрылды. Осы аралықта талантты футболшыларды тәрбиелеп шығарып, бүгінде казак футболының ұстаханасына айналып үлгерді. Аймақ мақтаншы Дінмұхаммед Рүстемұлы секілді үздік ойыншылар «Қайсар» футбол клубының негізгі құрамында, сондай-ақ Қазақстан жастар, ұлттық құрамада өнер көрсетуде. Бүгін жасыл алаңға шығатын жас футболшыларымызға сәттілік тілеймін! – деді Данияр Жаналинов. Шарада сөз алған Тимур Турлов, Рохус Шох жасөспірімдер футболының дамуында QJ лига ойындарының маңызы зор екенін атап өтті. Доп додасының соңында жастар арасында танымал оншілер Daricom және ARO жанкүйерлерге мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ БЕЛСЕНДІЛІК

Мемлекет басшысының «10 мың адамға 100 жұмыс орнын құру» тапсырмасы да уақытылы жүзеге асуда. Бұл бағытта 838 жұмыс орны құрылып, жоспар 7,9% орындалды. Сонымен қатар ұлттық жобалар аясында 88 жаңа жұмыс орны ашылып, кезек-кезеңімен жүзеге асырылуда.

«Еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» шеңберінде 12 826 адам жоспарланса, қазіргі уақытта 8306 адам қамтылды. Кәсіпкерлікті дамыту мақсатында «Бастау Бизнес» жобасы арқылы 488 адам оқуға жолданып, оның 206-сы курсты аяқтады. Ал цифрлық оқыту бойынша көрсеткіш жоғары: skills.enbek.kz платформасы арқылы 1351 адам оқудан өтіп, 1290 адам толық аяқтап, сертификат алды. Бұл онлайн білім беру жүйесінің тиімділігін дәлелдейді.

Сәуір-мамыр айларында солтүстік өңірлер өкілдерінің қатысуымен «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкелері өткізіліп тұрады. Жыл басынан бері өңірде 25 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылып, 1235 вакансия ұсынылды. Жәрмеңкеден соң 222 адам тұрақты жұмысқа, 446 адам уақытша жұмысқа орналасса, мыңнан астам адам кәсіби кеңес алды.

Биыл Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Абай, Ұлытау және Қарағанды облыстары айқындалып, 29 сәуірде «Құзыреттілік орталығында»



Фото ашық дереккөзден

солтүстік өңірлерден келген жұмыс берушілердің бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өткізіледі. Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген адамдарға мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Бұл бағыттағы шаралар жалғасады.

Еңбек ресурстарын тиімді бөлу мақсатында көші-қон бағдарламасы да жүзеге асырылуда. Биыл солтүстік өңірлерге 22 отбасы қоныс аударды. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысына 5, Абай облысына 1, Қостанай облысына 8, Павлодар облысына 8 отбасы.

НАЗАР

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АЛУ ҚАЛАЙ ЖЕҢІЛДЕТІЛЕДІ?

Үкіметтің ресми сайтында жарияланғандай, Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаспан Мәдиевтің төрағалығымен жүргізуші куәлігін алу рәсімін жетілдіруге арналған кеңес өтіп, онда азаматтарға қолайлы, ашық әрі әділ жүйе қалыптастыруға бағытталған нақты шешімдер қабылданды.

Статистикаға сүйенсек, өткен жылы елімізде 670 мыңнан астам адам көлік құралын басқару құқығына ие болған. Бұл жүргізуші куәлігін алу жүйесіне түсетін жүктеменің жоғары екенін көрсетіп, оны жаңғырту қажеттігі айқындалды. Қабылданған өзгерістердің өзегі – емтихан тапсыру тәртібін онтайландыру. Енді үміткерлер теориялық және практикалық емтихандарды ақылы негізде шектеусіз тапсыра алады. Дегенмен әр әрекет арасында кемінде он күнтізбелік күн үзіліс сақталады.

Бұған дейін жүйеде үш тегін мүмкіндік қарастырылған еді: алғашқы екеуі бір күн аралықпен, үшіншісі 30 күннен кейін берілетін. Осы мүмкіндіктер таусылған соң, азаматтар қайта оқу курсынан өзгеше міндеттелетін. Цифрландыру үдерісі де назардан тыс қалмады. Теориялық емтиханда толық-

тырылған шынайылық элементтері қолданылып, практикалық кезеңде компьютерлік көру жүйесі енгізіледі. Бұл емтихан барысындағы барлық әрекетті дәл тіркеп, заңбұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді. Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі де күшейтіледі. Жүргізуші куәлігін алу процесіне қатысты цифрлық жүйелер аса маңызды нысандар қатарына енгізіліп, заңсыз араласуға қарсы жауапкершілік артады.

Жаңа өзгерістер әкімшілік жауапкершілікті де қатаңдатады. Емтихан кезінде микроқұлаққап, жасырын камера немесе өзге де тыйым салынған құрылғыларды пайдаланған тұлғалар жауапқа тартылады. Тіпті оларды теориялық емтихан тапсыру құқығынан бір жылға дейін айыру шарасы қарастырылған. Сонымен бірге автоматтептердің жұмы-



Суретті түсірген: Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

сына қойылатын талаптар да күшейеді. Енді олардың қызметі жүргізушілерді даярлау сапасы мен азаматтардың пікіріне қарай бағаланып, лицензиялау жүйесі енгізіледі. Талапқа сай келмейтін ұйымдар нарықтан шеттетілуі мүмкін. Жалпы алғанда, енгізілетін өзгерістер жүргізуші куәлігін алу рәсімін барынша

әділ, ашық және заманауи деңгейге көтеруге бағытталған. Бұл тек қызмет сапасын арттырып қана қоймай, жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге де оң ықпал етпек.

Бағлан АМАНЖОЛ, «Сыр бойы»

Қызылорда медициналық жоғары колледжінің спорт алаңында денсаулық сақтау саласының ардагері Ернияз Омаровтың 95 жылдығына арналған медицина қызметкерлерінің 58-облыстық спартакиадасының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

ДӘСТҮРЛІ СПАРТАКИАДА БАСТАЛДЫ

Салтанатты жиында облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов сөз сөйлеп, медицина қызметкерлерінің қоғамдағы маңызын ерекше атап өтті. – Денсаулық сақтау саласының мамандары – елдің ең басты байлығы саналатын адам өмірінің сақшылары. Сіздердің еңбектеріңіз әрдайым құрметке лайық. Бұл спартакиада – тек жарыс емес, әріптестік байланысты нығайтып, салауатты өмір салтын насихаттайтын маңызды алаң. Баршаңызға сәттілік тілеймін! – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары.

Қызылорда облысының құрметті азаматы, сала ардагері Тұрғанбай Маханов Е.Омаровтың өнегелі өмір жолына тоқталды. Билығ доғаға облыс көлеміндегі медициналық мекемелерден 19 команда қатысып, алғашқы бәсеке эстафеталық сайыспен басталды.

Жарысқа Шиелі аудандық көпбейінді ауруханасының ұжымы да қатысуда. Мекемеден 15 қызметкер сыңға түсіп жатыр. Олардың қатарында мейірбике Гүлжайна Есқұлова да бар.

– Бұл доғаға үшінші жыл қатарынан қатысып отырмын. Бұған дейін де жүлделі орындарға іліккенбіз. Биыл да сол нәтижені қайталауға тырысамыз, – деді ол. Айтпа кетейік, спартакиада медицина қызметкерлері арасында салауатты өмір салтын насихаттап, әріптестік байланысты нығайтуға бағытталған. Доға 29 мамырға дейін жалғасып, қорытындысында үздік командалар марапатталады.

Ернияз Омарұлы – Сыр өңірінің медицина саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлға. Саланы басқарған жылдары ана мен бала денсаулығын қорғауға ерекше мән берді. Соның нәтижесінде барлық аудан орталығында, қалалық біріккен ауруханалар мен перзентханаларда реанимациялық-анестезиологиялық бөлімшелер ашылып, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар Қызылордада кенес беру-диагностика орталығы мен көпсалалы облыстық медицина орталығының салынуына тікелей атсалысты.

Ернияз Омарұлының өзі балалардың туа бітті жамбас буынының шығуына қатысты 56 ғылыми еңбек жазды. Елу жылдық еңбек жолында 10 мыңнан астам ота жасаған. Жүрекке, сүйекке туберкулезіне жасалған күрделі операциялар мен сүйек сыншыларын аппарат арқылы біріктіру тәсілін облыста алғаш енгізді. Әсіресе, науқас балаларды емдеудегі шеберлігі оны Одақ көлеміндегі танымал мамандар қатарына қосты.

Бағлан АМАНЖОЛ, «Сыр бойы»

РУХАНИ ҚАЗЫНАНЫ САҚТАУШЫ



23 сәуір – елімізде ерекше мәнге ие күндердің бірі. Бұл енді тек Ұлттық кітап күні ғана емес, Кітапханашылар күні ретінде де аталып

өтеді, яғни кітап пен білімді дәріптейтін, рухани құндылықтарды насихаттайтын маңызды мереке.

Кітап – адамзаттың ғасырлар бойы жинақтаған асыл қазынасы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан рухани мұра. Ал сол қазынаны сақтап, оқырманға жол көрсететін тұлға – кітапханашы. Кітапханашы – тек кітап беруші ғана емес, ол – ақпараттың бағыттаушысы, мәдениеттің жанашыры, білімнің шамшырағы. Ұлттық кітап күні мен кітапханашылар күнінің қатар аталып отуы – мамандар еңбегіне көрсетілген үлкен құрмет. Бұл – қоғамдағы кітап пен кітапхананың маңызын арттырып, оқуға деген қызығушылықты оятуға бағытталған игі бастама.

Менің өмір жолым кітапханамен тығыз байланысты. Бұл салада еңбек етіп келе жатқаным биыл 36 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде кітапхана да, оқырман да, уақыт та өзгерді. Бірақ кітаптың, білімнің, рухани құндылықтың маңызы ешқашан кеміген емес.

Кітапхана – тек кітап сақтайтын орын емес. Ол – ұрпақ пен ұрпақты, өткен мен бүгінді, білім мен тәрбиені жалғайтын алтын көпір. Кеңес кезеңінен бастап бүгінгі цифрлық дәуірге дейін кітапхананың қоғамдағы ролі әрдайым маңызды. Бүгінде кітапханалар заман талабына сай жаңарып, электронды ресурстармен, цифрлық қормен, жасанды интеллект мүмкіндіктерімен жұмыс істей бастады. Оқырманға қызмет көрсету форматы өзгергенмен, негізгі миссия – адамды кітаппен, біліммен табыстыру сол күнінде қалды.

Кітапханашы мамандығы – үлкен жауапкершілікті талап ететін, адамға рухани байлық сыйлайтын сала. Бұл мамандықта тек кәсіби білім емес, шыдам, ізденіс, оқырманға деген құрмет қажет. Осы жылдар ішінде талай буын оқырманды өскеніне, талай жастың білім жолын кітапханадан бастағанына куә болдым. Қазіргі таңда директордың орынбасары ретінде мен үшін басты мақсат – кітапхананың дамуына үлес қосу, ұжымның кәсіби әлеуетін арттыру, жас мамандарға бағыт-бағдар беру. Өйткені кітапхана – адамдармен, идеялармен, руханиятпен өмір сүретін орта.

Кітапқа, кітапханаға құрмет бар жерде елдің ертеңі нық болады деп сенемін. Ал кітапханашылар – үнісіз еңбек етіп, ұлттың рухани дамуына үлес қосып жүрген жандар. Олардың еңбегі әрқашан бағалануға лайық. Осы мерекеге орай барша әріптестерімді кәсіби мерекемен құттықтай отырып, шығармашылық табыс, талай жетістіктер, оқырмандардың көп болуын тілеймін!

Ақнұр АЙЕКЕ, Қызылорда қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі директорының орынбасары

БІЛІМ


Қызылордадағы Назарбаев зияткерлік мектебінде БАҚ өкілдеріне арналған ашық есік күні өтті. Журналистер іс-шара аясында мектептің білім беру бағдарламаларымен, оқушылардың ғылыми жобаларымен танысып, физика, биология және химия сабақтарына қатысты.

НЗМ-дегі АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Бұл – 2013 жылы ашылған NIS желісіндегі 15-і білім ордасы. Мектеп директоры Ақбар Түсіпбаев заман талабына сай жабықталған мектеп қазақстандық және шетелдік үздік тәжірибеммен ұштастырылған академиялық терең білім қалыптастыруға, пәндердің іріктірілуіне, кең ауқымды дағдылар мен құндылықтарды дамытуға бағытталған NIS-Programme бағдарламасына сүйенетінін атап өтті. Мұнда ағылшын тілімен қатар екінші шет ел тілі ретінде француз, неміс, корей, қытай тілдерінен қосымша сабақтар жүргізіледі. Оқушыларды жан-жақтылыққа баулу және жеке келеген пәндерді тереңдетіп оқу мақсатында әртүрлі элективті курстар мен 45 қосымша білім беру үйірмесі жұмыс істейді. 800-ден астам оқушыға 160-тан астам мұғалім білім береді.

практикалық тапсырмалар, тесттер, квест картасы мен шағын ойындар енгізіген.

– CodeQuest – мектеп оқушыларына бағдарламалауды үйретуге арналған мобилді қосымша. Оның көмегімен сабақты ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Оқушы та-



қырыпты таңдап, алдымен қысқаша теориямен танысады. Содан кейін тапсырмалар мен тесттерді орындайды. Әр тақырып бірнеше деңгейден тұрады. Деңгей жоғарылаған сайын тапсырма да күрделене түседі. Сондықтан оқушы материалды жеңілден қиыныға қарай меңгереді. Қосымшада квест элементтері бар. Әрбір орындалған тапсырма үшін оқушы роботтың бір бөлігін жинайды. Барлық деңгей аяқталған соң кейіпкер толық ашылады. Бұл оқушының қызығушылығын арттырып, оқуға ынтасын күшейтеді, – дейді жоба авторы.

Жас технократтың жобасын біріңбірі болып сыныптастары тәжірибемен өткізген. Олардың айтуынша, қосымшаның интерфейсі қарапа-

нық көрінеді, түсі де тартымды. Ал 12-сынып оқушылары Данияр Ақдәулетов, Әлтайыр Голеген және Әлішер Романкүлі құрастырған веб-платформа қала тұрғындарын төтенше оқиғалар туралы хабарлар етуге және мониторинг жүргізуге арналған. Ол жасанды интеллект және геокартаарық жүйенің мүмкіндігін біріктіреді.

– 2024 жылы Қазақстанда 11500-ден астам өрт, табиғи және техногенді сипаттағы 5500-ден астам төтенше жағдай тіркелді. Төтенше жағдайлар министрлігінің SMS-хабарлама ұялы байланыс операторындағы жүктеменің көптігінен кешігіп жетуі мүмкін. Осы аралықта ақпарат көздерінен, чаттардан тексерілмеген ақпараттар

келіп, тұрғындарды шағастырды. Жер сілкінісі немесе су тасқыны кезінде әрбір минут маңызды. Бұл жүйе бейнебақылау камерасының бейнемоделімен ағынын қабылдайды. Қолданушылар сондай-ақ ұялы телефонның қартаюған жағдайында өзін белгілей алады. Сол аудандағы тұрғындар телефон арқылы хабарлама алады. Жоба желден қызметтің қауіпті жағдайда әрекет етуіне және осылайша адам өмірін құтқаруға ықпал жасайды, – дейді шәкірттер.

Балалар ұсынған ерекше жобалардың қатарында су тапшылығы күрделенген кезде аса қажет автоматтандырылған суару қондырғысы, Қазақ хандығы дәуірін жанаңаша көзқараспен танытатын «Алтын тақ» ойыны, көзі көрмейтін жандарға арналған комикс кітап бар.

– InComics деп аталатын мобилді қосымшамыздың арқасында комикс кітабымызды барша оқушы, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін колледжімізге ете аламыз. Бұл көзі көрмейтін және нашар көретін балалардың оқу процесін жеңілдетуге, комикс түріндегі визуалды әңгімелер арқылы оқуға қызығушылығын арттыруға, оған қоса оқу барысын бақылап, оқушының жетістіктерін көруге мүмкіндік береді, – дейді комикс авторы Арай Нұрбаева.

Мектепте балалардың әртүрлі олимпиадаларға, конкурстар мен хакатондарға қатысуына қолайлы жағдай жасалған.

– Мұнда тәрбиеге де, отбасылық құндылықтарға да, ұлттық дәстүрлерге де ерекше көңіл бөлінеді. Бұл мақсатта «100 күй», «Қазақтың әндері», «100 кітап», «Қоғамға қызмет» және тағы басқа бастамалар жүзеге асырылып жатыр. Домбыра тарту екі жылдан бері міндетті пән ретінде оқытылып келеді, – дейді мектеп басшысы.

2017, 2024 жылдары зияткерлік мектеп халықаралық мектептер кеңесінің аккредитациясынан сәтті өтіп, білім сапасының жоғары екенін дәлелдеді. Еліміздің 26 ЖОО және ЖОО-дан кейінгі білім беру ұйымы NIS түлектерінің оқу көрсеткішін мойындайды және қысқартылған бакалаврият бағдарламаларымен оқуға қабылдауға немесе оқу көрсеткішіне қарай академиялық кредиттерді қайта есептеуге мүмкіндік береді. 70-тен астам шетелдік университет NIS түлектерін Foundation (дайындық курсы) оқымай-ақ бірден 1-курсқа қабылдайды.

Білім ордасына жыл сайын 120 оқушы түседі. Келесі оқу жылына сынақ өтті, көп ұзамай оның қорытындысы жарияланады. Биыл тест тапсырғандар саны 1700-ден көп болды. Мектепте білім алуды жалғастырығысы келетін жалпы білім беретін мектептердің 5, 6-сынып оқушылары үшін Назарбаев зияткерлік мектебінің сайтында виртуалды мектеп іске қосылған. Бұл – NISM-нің білім стандартына сай пәндер бойынша конкурстық іріктеуге арналған тегін онлайн оқу. Виртуалды мектепте оқып, қорытынды тестілеуді жоғары көрсеткішпен тапсырғандар NISM базасындағы қанжыралар мектебінің қысқа мерзімді қосымша жұмысын өтеді. Ол қысқы және жазғы қаникул кезінде жұмыс істейді.

2013-2025 жылдар аралығында Қызылорда қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебін 1184 оқушы тәмамдады. Академиялық білімі қалыптасқан, үш немесе одан да көп тіл білетін үл-қыздар оғандарының күрделенген кезде аса қажет автоматтандырылған суару қондырғысы, Қазақ хандығы дәуірін жанаңаша көзқараспен танытатын «Алтын тақ» ойыны, көзі көрмейтін жандарға арналған комикс кітап бар.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

МҰХТАР ШАХАНОВ



Қазақ әдебиеті мен руханияты орны толмас ауыр қазаға ұшырады. 2026 жылдың 19 сәуірінде Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстанның Халық жазушысы, ақын, драматург Мұхтар Шаханов өмірден өтті.

М.Шаханов 1942 жылы Түркістан облысы, Төле би ауданы, Қасқасу ауылында дүниеге келген. Шымкент педагогикалық институтын бітірген соң, «Өңтүстік Қазақстан», «Лениншіл жас» газеттерінде, республикалық телевизия, радио редакцияларында еңбек еткен. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің баспа, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі мемлекеттік комитетінде бөлім бастығы, «Жалын» альманахының бас редакторы болған. Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі қызметін атқарды.

Мұхтар ағамыздың әсіресе, Сыр өңіріне ықыласы ерекше еді. 2004-2007 жылдары Қызылорда облысынан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды. Алып жылдан астам уақыт бойы тойлауға тыйым салынған Наурыз мерекесін қайта жаңғыртуға үлес қосып, КСРО Халық депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі кезінде Желтоқсан оқиғасын зерттеу және оған түбегейлі баға беру жөнінде мәселе көтерді. «Тілдер туралы» заңды қабылдауға қатысып, қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілуіне еңбек сіңірді.

Бірнеше өлең кітаптарының және халық арасына кең тараған әндердің авторы, туындылары дүние жүзі халықтарының 20-дан астам тіліне аударылған. «Эверестке шығу», «Ғашықтық ғаламаты», «Шың басындағы оқиға», «Алтын, күміс және қалайы», «Достық өлкесінің заңы», «Жігерлендіру немесе өзін бақытсыз деп есептеген жігітке жауап» сияқты балладаларын поэзияға құштар бірнеше бұын жаттап өсті.

Мұхтар Шаханов «Қазақстанның Еңбек Ері», «Түркістан облысының құрметті азаматы» атағымен, «Отан» орденімен марапатталған. Қазақстанның Халық жазушысы, Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, Қырғыз Республикасының халық ақыны, Түрік Республикасының «Түрік дүниесіне қызметі үшін» халықаралық сыйлығының лауреаты, басқа да халықаралық деңгейдегі марапаттары менелген.

Өткен жылы ғана аймақ басшысының шақыруымен Алаштың абызы атанған ардақты ағамыздың Қызылордада шығармашылық сапары ұйымдастырылған еді. Оқирман қауымының зор құрметін көріп, батысын берген сол сапарында Сыр өңірімен қоштасқандай болған екен.

Ұлына адал қызмет еткен, қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосқан Мұхтар Шахановтың есімі мен жарқын бейнесі елдің есінде ұзақ сақталады.

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық қоғамдық кеңес және облыстық ардагерлер кеңесі

Қызылорда облысы әкімдігінің 2026 жылғы 17 сәуірдегі № 67 қаулысы

«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 512 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 30 маусымдағы №512 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

15-тармақ мынадай мазмұндағы (52-1), (52-2) (52-3) (52-4), (52-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«52-1) коммуналдық меншік болып табылатын, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру туралы шешім қабылдайды;

«52-2) коммуналдық меншік болып табылатын, халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін уәкілетті органмен келісу бойынша пайдалануға беру туралы шешім қабылдайды;

«52-3) халықаралық және республикалық маңызы бар, коммуналдық меншік болып табылатын тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беруге арналған шарт жасасады;

«52-4) жергілікті маңызы бар, коммуналдық меншік болып табылатын тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беруге арналған шарт жасасады;

«52-5) «Әкімшілік құрық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына сәйкес көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар қарайтын әкімшілік істер (жазбалар қолдану) мәселесі бойынша орындалуына бақылау жұмыстарын жүргізеді;»

24-тармақтың 8) тармақшасы алынып тасталсын.

2. «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіптен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары М.З. Шермағанбетке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысы әкімінің міндетін атқарушы

Д.Жаналинов

ЖИ

АДАМДЫ АЛМАСТЫРА АЛА МА?



Бұл – өте маңызды байлам. Тарихқа көз жүгіртсек, технологиялық серпілістер кейбір ескі қасиеттерді әсіреткенмен, орындарына жаңа мамандықтар мен жаңа мүмкіндіктер басып отырған. Демек, мәселе – жасанды интеллекттің өзіне емес, қоғамның оған қаншалықты дайын екенінде. Жасанды интеллекттің қауіп емес, керісінше адамзат игілігіне қызмет ететін құрал ретінде қабылданып, оның берері әлдеқайда мол.

Мұның нақты дәлелін бүгінде еліміздегі жас стартаптардың табысынан да анық көруге болады. Соның бірі Шымкент қаласында өткен ауқымды Digital Qazaqstan Battle ұлттық стартап-батлының финалында көрінді. Бұл белдеді долада Kuzylorda Hub резиденті CortexAI стартап жобасы жүлделі екінші орынды иеленіп, 5 миллион теңге көлеміндегі қаржылай сыйлыққа қол жеткізді.

Аталған байқауға еліміздің барлық өңірінен іріктеліп шыққан ең мықты 18 команда қатысты. Мұнда тек алғашқы сатылардың жасап үлгерген, заңды тұлға ретінде тіркелген және нарыққа шығуға дайын, яғни MVP сатысындағы стартаптар ғана бақ сынады. Қазылар алқасы таңдаушылардың жобаның өсу динамикасына, команда біліктілігіне, бизнесті масштабтау мүмкіндігіне және венчурлық қорлар үшін тартымдылығына қарай жоғары деңгейде бағалады.

Осындай бәсекеде топ жарған CortexAI жобасы – медицина саласына арналған инновациялық шешім. Атап айтқанда, бұл жоба – трансплантацияланатын бүйректің ағзада қабылданбау қаупін алдын ала болжау үшін жасанды интеллект жүйесі, яғни, ЖИ бұл жерде жай ғана цифрлық құрал емес, адам өміріне тікелей әсер ететін маңызды көмекші ролін атқарып отыр.

Басты артықшылығы – терең талдау жасау қабілетінде. Алгоритм пациенттің генетикалық деректерін қоса алғанда, 34

түрлі параметрді сараптайды. Нәтижесінде операцияның сәтті өту ықтималдығын бағалайтын модельдің ретроспективті деректердегі дәлдігі 84%-ды көрсеткен. Бұл – медицина саласы үшін өте жоғары көрсеткіш.

Бұдан бөлек, жүйенің ең үлкен жетістіктерінің бірі – уақыт үнемдеуі. Егер дәстүрлі талдау үдерісі 12 сағатқа дейін созылатын болса, CortexAI оны небәрі 33 секунд ішінде орындайды. Бұл дәрігерлер үшін де, науқастар үшін де шешуші маңызға ие. Өйткені медицинада әр минут, тіпті әр секунд адам тағдырына әсер етуі мүмкін. Осы мысалдың өзі жасанды интеллекттің пайдаланылуына ғана емес, нақты өмірде де орасан екенін аңғартады.

ЖИ адамды алмастыру үшін емес, оның жұмысын жеңілдетіп, шешім қабылдау сапасын арттыру үшін қажет. Әсіресе дәрігерлерге сақтау, білім, логистика, ауыл шаруашылығы сынды салаларда оның тиімділігі күн санап айқындалып келеді.

Айта кетейік, CortexAI жобасы – Kuzylorda Hub бизнес-инкубаторының Startup Onda инкубациялық бағдарламасының түлегі. Жобаны сәтті жүзеге асырып жатқан команда басшысы – Сырдария ауданының тұрғыны Асылжан Абдуллаев. Бұл – аймақ жастарының жасанды интеллект секілді озық технологияны игеріп, ел игілігіне жарата алатынын дәлелдейтін жарқын мысал.

ЖИ-дің көлеңкелі тұстары

Кез келген технологияның теріс мақсатқа пайдалану үлкен проблемаға айналады.

– Жасанды интеллекттің артықшылықтары көп. Бірақ оны теріс пайдаланатындар да көбейіп кетті. Мысалы, алаяқтар адамдардың дауысын салып, бейнесін жасап, жалған видеолар таратып жатыр. Жалған ақпарат тарату, адамдарды аластыру сияқты әрекеттер де көбейді. Бұл – технологияның

емес, оны теріс ниетпен пайдаланатын адамдардың мәселесі. Бірақ оның салдары қоғам үшін өте қауіпті болуы мүмкін, – делі С.Ибадулла.

Шынында да, қазір дипфейк, жасанды дауыс, жалған видео қоғамдық сенімге үлкен соққы болып отыр. Бұрын жалған ақпарат мәтін түрінде тараса, енді ол бейне мен дыбыс арқылы да нанымды етіп жасалатын болды. Демек, ЖИ-дің қауіп көбіне техникалық әлеуетінде емес, оны пайдалану мәдениетінің әлсіздігінде жатыр. Осындай қауіптердің алдын алудың ең тиімді жолы – халықтың цифрлық сауатын арттыру. Өйткені технология дамыған сайын оны дұрыс қолдану мәдениетінің маңызы да арта түседі.

– Ең бастысы – халықтың цифрлық сауаттылығын және жасанды интеллект саласындағы білімін арттыру. Егер адам цифрлық ортада өзін қалай ұстау керектігін, қандай қауіп бар екенін түсетсе, онда көптеген қатерден өзін қорғай алады. Қазір мәселе тек технологияны енгізуде емес, оны қоғамға дұрыс түсіндіруде болып тұр. Осы бағытта Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде, Kuzylorda Hub алаңында түрлі оқыту шаралары ұйымдастырылып жатыр, – дейді ол.

Шынымен, бұл – өте маңызды мәселе. Себебі технологиядан қорғанудың ең тиімді жолы – тыйым емес, білім. Қоғам неғұрлым көбірек түсінесе, соғұрлым оны дұрыс қолданады. ЖИ-дің қоғамға әсерін ғылыми тұрғыдан да бағалау маңызды. Осы ретте Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Компьютерлік ғылымдар» білім беру бағдарламасының жетекшісі, қауымдастырылған профессор Нұрбек Қонарбаев өз пікірін білдірді.

– Жалпы, жасанды интеллект – қоғамның барлық саласына еніп жатқан жаңа технология. Ол дұрыс әрі тиімді қолданылған жағдайда өте көп пайда әкеледі. Ең алды-

Бағлан АМАНЖОЛ, «Сыр бойы»

/// МАРДАН БАЙДІЛДАЕВ – 100

ҒАЛЫМНАН ҒИБРАТ

Сыр бойының саңлақ перзенті, қазақ руханиятына ерен еңбек сіңірген фольклоршы ғалым, қоғам қайраткері Мардан Байділдаевтің туғанына 100 жыл толып отыр. Осы орайда Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми кітапханада «Әдебиет ғылымының жанашыры» атты көш өтіп, кітап көрмесі көпшілік назарына ұсынылды.

Көш аясында қатысушыларға ғалымның өнегелі өмірі мен еңбектері таныстырылып, қазақтың бай ауыз әдебиетін зерттеуге қосқан үлесі насихатталды. Оқырмандардың, оның ішінде, студент жастардың ұлттық мәдениетке, халық мұрасына деген құрметін арттыруға бағытталған іс-шара мазмұнына сай өз деңгейінде өтті.

Тағылымды жынға жырау, ҚР Мәдениет қайраткері, «Болашақ» университетінің «Филология, тарих және журналистика» кафедрасының аға оқытушысы Б.Саймағанбетов, ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Ғ.Әбілда, Н.Бексезанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры басшысының орынбасары, жырау С.Жақсығұлов, облыстық филармонияның



ғылыми қызметкері Н.Жақсығұлова қатысты.

Көш қонақтары ғалымның қазақ мәдениеті мен өнерін терең зерттеп, ғылыми айналымға енгізіп, халқымыздың әдеби қорын жаңғыртуға қосқан зор үлесін атап өтті. Одан бөлек, ел ішіндегі талантты жастарға қолдау көрсетіп, талай-талай рухани құнды мұраның әдебиет тарихында

қалуына тікелей ықпал еткені жайлы әңгімеледі.

Айталық, ғалымның ел білетін еңбегінің бір парасы, Шығыс жауһары – «Шаннаманың» Тұрмағамбет Ізтілеуі аударған 40 мың жолдық қолжазбасын тауып, оқырманға ұсынған. Сондай-ақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеумен айналыса жүді, айтыс өнерінің қайта жандануына айрықша ден қойған. Бұдан бөлек, белгілі ғалым Әуелбек Қоңыратбаевпен бірге «Қорқыт ата» кітабын аударған, Қорқыт күйлерінің төл нұсқасын сақтап қалуға көп еңбек сіңірген.

М.Байділдаевтің «Бес ғасыр жырлайды», «Үш ғасыр жырлайды», «Ақындар творчествосы», «Ақын-жыраулар» атты танымдық жинақтары бүгінде ел руханиятындағы баға жетпес байлық десек болады. Қазіргі жыршы-жыраулар сол жауһар дүниелерді жаһанға танытып, тыңдаушыларын таңғалдырып жүр. Бұл, әрине, ғалым еңбегінің жемісі екені сөзсіз.

Жұрттың жүрегінде аты қалған, Өшпестей қазына боп хаты қалған. Біртуар даналардың бірегейі Баласы Келдібайдың Шахымардан.

Шахымардан дегендей бекзат жігіт, Жүрегін бар қазақты жекжат қылып.

Өзінің өлшеулі аз ғұмырында, Жасады ел-жұртына көп жақсылық, – деп келетін өлең жолдарында айтылғандай, қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында ғалымның еңбегі ұшан-теңіз! Бүгінде туған жері Жалағаш ауданы Еңбек ауылындағы орта мектеп Мардан Байділдаев есімімен аталады. Мектепте ғалым атындағы музей кабинеті бар. Онда ғалымның өміріне қатысты құнды деректер мен көзі тірісінде тұтыңған бұйымдары сақталған.

Ғаиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

/// СЕРГЕК

Кармақшылық Әсем Мерекова ұзақ жылдан бері салауатты өмір салтын жанына сәрік етіп келеді. Енді оның қыр-сырын артық салмақ пен денсаулығы мазалаған замандастарына дәріптеп жүр. Аудан орталығы мен Төретам кентінде әйелдерге арнап саулық залын ашқанына көп болған жоқ. Әйтсе де, келушілердің қарасы көп.



АРТЫҚ САЛМАҚ АҒЗАНЫ ӘЛСІРЕТЕДІ

– Бұл менің көптен бергі арманым еді. Уақыт өте келе бұл тек менің емес, көптеген әйелдің ішкі сұранысы екенін түсіндім. Әйелдердің көбі спорт залына баруға ұялады, өзін ыңғайсыз сезінеді немесе нақты әйел ағзасына бейімделген жаттығуды таба алмайды. Сондықтан әйелдің физиологиясын, гормондық циклді ескеретін, қауіпсіз, қолдаушы орта құру басты мақсатым болды. Бұл жай зал емес, бұл – әйелдің өзін қайта табатын кеңістігі, – дейді Жосалы және Төретам кенттеріндегі «Әйел саулығы» академиясы филиалының негізін қалаушы Әсем Мерекова.

Бұл залға артық салмақтан арылуысы, бел, іш аймағын қалыпқа келтіргісі, тормон тепе-теңдігін дұрыстап, энергиясын арттырғысы келетіндер жиі бас сұғады. «Арықтаймын» деп келетін әйелдердің мақсаты кейін өзін жақсы көруге ұласады екен. Саулық залының жетекшісі мұны үлкен өзгеріс деп есептейді. Бірнеше жаттығудан кейін қыз-келіншектер жеңілдікті сезінеді, денесіндегі ісік қайтып, ашу-ренишін басқара алатын деңгейге жетеді. Күйеуі, балалары және өзге де жақын адамдарымен қарым-қатынасы жақсара түседі. Ескеретін нәрсе, адам мұның бәрін бірден емес, алдына айқын мақсат қойып, жаттығу жасауға біртіндеп және үзіліссіз бейімделгенде ғана қол жеткізеді.

– Иммунитет дәріханада сатылмайды. Ол күнделікті әдеттер арқылы қалыптасады. Мысалы, 7-8 сағат ұйқы, таза ауа, 20-30 минут болса да қозғалыс, қантты азайту, фастфудтан бас тарту, ішек микрофлорасын сақтау, ашуды немесе күйзелісті басқару. Азға жағдай жасаңыз, ол өзі-ақ қалпына келеді. Менің де кежегем кері тартатын кездер болады. Ондайда өзімді кинамаймын. Бірақ толық тоқтап қалмаймын. Мысалы, 5 шақырымның орнына 2 шақырым жүгіремін. Кейде суық судың орнына бөлме температурасындағы суға түсемін. Маңыздысы – идеал болу емес, жүйелілік. Өмірлік принципін – «бүгін өзіндік басқара алмасаң, кейін өмір сені басқармайды» деген сөз, – дейді кейіпкеріміз.

Ол Кармақшы ауданында ауруханасында акушер болып қызмет атқарады. Медицина өкілдері ұсынатын рас. «Сіз ұсынған тәсіл мен бұл екеуінің қайсысы дұрыс?» деген сұрағымызға екеуі бір-бірі толықтырып тұратынын жеткізді. – Алда-жалда ауырып қалған жағдайда медицина көмегі қажет. Бұл жерде дәстүрлі медицина маңызды. Ал созылмалы мәселелердің ауқымды бөлігі өмір салтына байланысты. Егер адам ұйықтамаса, дұрыс тамақтанбаса, қимылдамаса, тек дәрімен толық сауығу қиын. Сондықтан медицина мен салауатты өмір салтының үйлесімі болғаны жөн. Біз үнемі жеңіл жағын таңдаймыз. Басимыз ауырғанның өзінде дәріге ұмтыламыз. Денемізді тыңдап, тынығып, өзмізді тынышталдыра білесек, қандай ауруды болса да дәрісіз емдеп жазуға болады, – дейді Әсем Мерекова.

Ол танмен таласа жүгіруді және үстіне мұздай су құйып, қыста қарға шомылуды әдетке айналдырғалы талай жыл. Желаяқтардың марафонына қатысып тұрады. – Бұрын сыртқы келбетім өзіме ұнамайтын. Табаным мен қолым жылжымайтын. Салауатты өмір салтын ұстанғанның арқасында өзіме көңіл толмаушылықтан, үсті-үстіне жамап алған аурулардан арылдым. Көп жылдан бері осы әдеттерім туралы әлеуметтік желілерде үзбей жариялап жүрмін. Мұны көріп, қайталаған адамдардан ол пікірлер естігін болдым, – дейді ол.

Кейіпкеріміз әйелдерге арналған саулық залын көпке пайдалану тиісін ашқан. Залға келгендердің алды әлдене шарапатын көріп жатыр. Академия филиалының жетекшісі жақсы нәтиже көрсеткендерге түрлі жеңілдіктер ұсынып, ынталандырудың жолын тапты.

Сөз соңында ол қыз-келіншектерге жылдан нәтижеге жетуді ойлау ең үлкен қателік екенін жеткізді.

– Арықтау үшін қант пен ақ ұнды азайтып, ақуызды көбейту керек. Күнделікті 8-10 мың қадам жүріп, су режими сақтау, ұйқы сапасын дұрыстау мен үнемі қозғалыста болудың маңызы зор. Ең маңыздысы – диета емес, тұрақты әдет қалыптастыру. Аз-аздан бес мезгіл рахатты сезініп отырып тамақтану, асты асықпай шайнап жеу, кешкі сағат алтыдан кейін тамақ ішпеу керек. Біздің энергиямыздың көбі тамақ қорығуға кетеді. Сондықтан кешкі тамақ жеңіл болуы керек. Сол кезде ұйқы да терең, сапалы болады, – дейді ол.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

/// ГАСТРОЛЬДІК САПАР



ЖАМБЫЛ ТЕАТРЫ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ КӨРЕРМЕНІН КҮТЕДІ

Аймақтың мәдениет саласындағы жаңалық, Асқар Токпанов атындағы Жамбыл облыстық академиялық қазақ драма театры Сыр өңіріне гастрольдік сапармен келді.

Театр ұжымы жергілікті көрерменге өздерінің таңдаулы қойылымдарын ұсынғалы отыр. Өнер сапары екі өңірдің мәдени байланысын нығайтып, театр саласының өркендеуіне серпін беретін маңызды рухани байланыс болмақ.

Өріптестерін қарсы алу сәтінде облыстық театрдың азат акасақалы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы, II дәрежелі «Барыс» және «Құрмет» ордендерінің иегері Хусейн Өмір-Темір өнер ұжымына жылы лебізін арнап, шығармашылық сапардың сәтті өтуіне тілектестік білдірді.

Жамбыл театры ұжымын Сыр елі ерекше ықыласпен қарсы алды. Өнер өкілдерінің ай-

туынша, екі театр арасындағы шығармашылық байланыс нығайтып, өзара тәжірибе алмасуға кең жол ашылды.

Айта кетейік, А.Токпанов атындағы академиялық қазақ драма театрының өнер сапары аясында 20-21 сәуір күндері Н.Бексезанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында «Жыл патшалығының құпиясы» атты ертегі, «Қош, махаббат» лирикалық драмасы, «Бақытсыз Жамал» трагифарсы, «Қараш-қараш» драмасы қойылды.

Жамбылдық театр ұжымы жағрыдағы бағдарламаға сай Сыр көрермендеріне серпіліс сыйлайтынына сенімді.

«СБ» ақпарат

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

/// ЖӘДІГЕР

ШЕГЕ ҚАҒЫЛМАҒАН КЕБЕЖЕ

Музейге келушілер экспозициядағы сан түрлі жәдігерлерге қызыға қарайды. Бірақ сол заттардың арқайсысының артында қаншама тағдыр, қаншама тарих жатқанын біле бермейді. Кейде қарапайым ғана ағаш бұйымның өзі бір әулеттің өмірін, тұтас бір дәуірдің тұрмысынан сыр шертіп тұрады. Осындай ерекше жәдігерлердің бірі – музей қорында сақталған, XIX ғасырдың соңында жасалған кебеже.

Кебеже – қазақ халқының тұрмысында кеңінен қолданылған ағаш бұйымдардың бірі. Ол негізінен азық-түлік сақтауға арналған сандық тәрізді ыдыс. Көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқы үшін тағамды ұзақ уақыт бұлттырмай сақтау аса маңызды болған.

Кебеже көбіне қатты өрі берік ағаштан (қайың, қарағаш, терек сияқты) жасалады. Мұндай ағаштар ұзақ сақталып, одан жасалған бұйым да сапасымен ерекшеленеді. Сондықтан ұн, тары, күрт, май, қант сияқты азық-түлік салынған. Қақпағы тығыз жабылып, тағам ұзақ сақталатын болған.

Кебежені шеберлер тек тұрмыстық қажеттілік үшін ғана емес, сәндік мақсатта да әсемдеп жасаған. Оның бетіне күмістен өрнек салынған, күміс мыпын безендірілген үлгілері де кездеседі. Мұндай әшекейлер тек күнделікті қолданылатын бұйым ғана емес, қазақтың көлөнер шеберлігін көрсететін өнер туындысы екенін дәлелдейді.

Халық арасында кебеженің тағы бір ерекшелігі айтылып келеді. Түйеге теңдеп, қажет жағдайда үстіне жас балаларды отырғызатын болған. Бұл бұйымның берік өрі қолайлы екенін көрсетеді.

Музей қорындағы осы кебеже 1896 жылы жасалған. Шағала атты байдың Әсем есімді қызын ұзатар кезде арнайы тапсырыспен дайындалған екен. Қазақ дәстүрінде қыз ұзату кезінде жасау дайындау ерекше мәнге ие. Құрамына тұрмыстық бұйымдар, киім-кешек, сандықтар мен түрлі ағаш заттар кірген. Кебеже де – сол жасаудың маңызды бұйымдарының бірі.

Өкінішке қарай, шебердің аты-жөні бізге белгісіз. Дегенмен жасалу тәсілі мен безендірілуі сол кездегі қазақ шеберлерінің жоғары деңгейдегі көлөнер мәдениетін айқын көрсетеді. Қатты әрі сапалы ағаштан, бөлшектері бір-біріне дәл келтіріліп, ерекше шеберлікпен құрастырылған.

Бұл жәдігердің ең ерекше қыры – бірде-бір шеге қолданылмаған. Бұйым ағаш бөлшектерін дәл қиыстырып біріктіру арқылы құрастырылған. Мұндай тәсіл қазақ ағаш ұсталарының табиғи материалды терең меңгергенін және ағаш өңдеу өнерінің жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Осындай әдіспен жасалған бұйымдар ұзақ жыл бойы сақталып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

Кебеженің сыртқы беті ою-өрнектермен әшекейленген. Қошқармүйіз, өсімдік тектес өрнектер мен геометриялық элементтер кездеседі. Қазақтың ою-өрнектері тек сәндік мақсатта ғана қолданылмаған. Өрбір өрнектің өзіндік мағынасы болған. Мысалы, қошқармүйіз оюы молшылық пен берекені білдірсе, өсімдік тектес өрнектер өмірдің жалғастығын, табиғатпен үндестікті бейнелеген. Мұндай оюлар бұйымның көркемдік құндылығын арттырып, халықтың эстетикалық таламын көрсетеді.

Баршағұл САХИЕВА,
Кармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінің экскурсоводы



www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДІНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақыл қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.